

**«М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ»
«Стратегиялық, халықаралық даму және сапа комитеті» мәжілісінің
№ 3 хаттамасы**

Тараз қаласы

28.03.2025 ж.

Қатысқандар:

Есимова Ш.А., Дарибаев Ж.Е., Иржанова Г.Ж., Максұтова А.А., Исабекова Г.Б., Тасуов Б.Т., Садыбаев А.К., Нурпеисов М.К., Кابدұшев А.А., Матқурбанова Ж.Д., Мамыш Д., Абдуллаева З. және факультеттердің сапаны қамтамасыз ету комиссияларының төрағалары .

Қатыспағандар: Турарова А.Н., Ернішев К.А., Балкибаева Г.А., Ултанбаев А.Б.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Әлемдік рейтингтерге қатысу нәтижелері туралы.
2. Білім беру қызметтерінің сапасына қанағаттану сауалнамасы нәтижелері туралы.
3. Жастармен жұмыс бөлімінің құжаттарын қолданысқа енгізу
4. Әлеуметтік басқарма құжаттарын жою.

Тыңдалды.

1-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев сөз алды.

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға Әлемдік рейтингтерге қатысу нәтижелерін талқылауға ұсынып отырмын. Әлемдік рейтингтер ішінен QS WUR, QS Asia, QS stars, QS Sustainability, THE, Webometrics, GreenMetric, Times Higher Education Impact рейтингіне қатыстық. Осы рейтингтер бойынша жасалынған жұмыстарға қысқаша тоқталатын болсам:

- QS платформасына статистикалық деректер жинақталды, мәліметтер талқыланып, аудармалар жасалып, платформаға енгізілді.
- QS рейтингі бойынша сыртқы эксперттер жинау жұмысы ұйымдастырылды, эксперттердің тіркелу мәліметтері жинақталды. Барлық ОПҚ мен декандар, декан орынбасарларына ZOOM платформасы арқылы семинар ұйымдастырылып, QS рейтингі туралы түсіндірулер жүргізілді. QS офицерлермен кездесулер өткізілді.
- Алғаш рет QS Sustainability Ranking Тұрақты даму рейтингіне қатысу ұйымдастырылды, ақпарат жинау, деректерді өңдеу, талдау жүргізілді және платформаға толтырылды.
- Алғаш рет GreenMetric әлемдік рейтингіне қатысу жұмыстары ұйымдастырылды. Ақпарат жинау, деректерді өңдеу, талдау жүргізілді және статистикалық мәліметтер платформаға толтырылды.

Сонымен қатар Дулати университеті QS Stars рейтингіне қатысып, жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Дулати университеті жалпы қорытынды бойынша QS Stars "3 жұлдыз" артықшылық белгісіне ие болды.



Төрайым: Бізді биыл QS WUR рейтингінен шығарып тастады. Біз жақсы жұмыс істемедік. Бұл жерде екі мәселеміз бар. Мысалы, біз жыл бойы оқу орнының лицензиясын жаңалаумен жүріп, ешкім жақсы жұмыс істеген жоқ. Жұмыс берушілердің сауалнамаға қатысуы төмен. Өзіміздің QS бойынша аналитикалық платформамыз бар, сол жерден анализді қарасақ жұмыс жақсы жүргізілмеген. Бірақ, жауапты адамдар бізге есеп берген кезде барлығына сауалнама сілтемелерін жібергенін көрсеткен. Екінші жағынан, ғылым бағыты бойынша мақалалар саны өте төмен түсіп кетті. Мақалалар саны бойынша алдыңғы жылдары Қазақстан университеттері ішінде 23 орында болсақ, қазір 26 орынға түсіп кеттік. Осы бойынша мен Ғылым және цифрландыру жөніндегі проректормен сөйлестім. Қазір осы мәселені қолға алып жатыр.

Дарибаев: Және сонымен қатар біздің мақалаларымыздың көпшілігі техникалық жағынан орындалған Су шаруашылығы және ирригация университетіне өтіп кетті. Бірақ, енді қалған факультеттердің көрсеткіштерін күшейтпесе жағдайымыз қиындайды. Келесі слайд тұрақты даму бойынша, былтыр бірінші рет қатысқанбыз. Көрсеткіштері жаман емес. GreenMetric әлемдік рейтингіне былтыр бірінші рет іліндік. Бұл жерде де көрсеткіштер жақсы. Қазақстанның оқу орындарының арасында 22-орын. Сол сияқты Webometrics рейтингіне қарасаңыздар, 2023 жылға дейін ұдайы төмендеу болған, бірақ 2023 жылдан бастап көтерілу басталды. 25 мыңнан 21 мыңға, биыл 15 мыңға көтерілдік. Ал Қазақстандағы оқу орындарының ішінде 91-ші орында едік, қазір 40-ші орындамыз. Times Higher Education рейтингі бар. Біреуі Жаһандық, екіншісі қоғамға әсері бойынша. Рейтингтің қоғамдық әсері бойынша рейтинг көрсеткіштері жақсы. Болашақта THE WUR рейтингі бойынша көбірек жұмыс істейтін боламыз. Экранда тұрақты дамудың мақсаттары көрсетілген, біз 4, 8, 11, 16, 17 –ші мақсаттары таңдап алдық.



Төрайым: Бұл жерде енді айтып кететін нәрсе рейтинг бойынша тұрақты жұмыс істеу керек. 2 жыл QS рейтингте болып, 3-ші жыл шығып кету ол жақсы емес. Бізге осы жыл жан-жақты жұмыс істеу қажет.

Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма? Ұсыныстарыңыз болмаса, ұсынылып отырған ақпарат ретінде назарға алып, шешім қабылдайық. Басқа сұрақ-ұсыныстарыңыз болмаса, дауысқа салайық. «Қарсы», «қалыс» – жоқ. Бірауыздан қабылданды.

ШЕШІМ: Әлемдік рейтингтерге қатысу, көрсеткіштерді өзектендіру, жұмыстары белсендірілсін. Университеттің барлық құрылымдық бөлімдері өздеріне қатысты көрсеткіштермен жоспарлы түрде іс-шаралар атқарсын. Жауапты Құрылымдық бөлім басшылары, мерзімі – 31.12.2025ж.

2-ші мәселе бойынша Стратегиялық даму басқармасының басшысы Дарибаев сөз алды.

Сауалнама жалпы бірнеше бағыт бойынша жүргізілді. Оның ішінде жалпы білім алушылардың арасындағы білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейіне арналған сауалнама бар. Мерзімі: қараша – желтоқсан 2024ж.

Сауалнама 31 сұрақтан тұрады. 19 ашық, 12 жабық форматта өткізілді. 11191 студенттің ішінен 2528 студент сауалнамаға қатысты. Факультеттер бойынша сұралған білімгерлердің орташа пайызы 22,6% құрады, бұл социологиялық стандарттар бойынша алынған деректерге талдау жүргізу үшін жеткілікті, өйткені социологиялық сауалнама нәтижелерін шығару үшін ең төменгі пайыз 15% құрайды. Барлық сұраққа тоқталмай ең соңындағы нәтижелер туралы айтайық. Бұл жерде сауалнамада оң пікірге ие болған бірқатар жақсы тұстарымыз бар, 80-90% дан асқан оқу үдерісіне қатысты, оның ішінде оқытушылардың студенттермен байланысы немесе оқу материалдарын игеру деңгейі, талапшылдығы т.б. Енді төмен пікірге ие болған жауаптарда бар, олар назар аударуды қажет етеді, соның ішінде мысалы оқу үдерісінің сапасына қанағаттану деңгейі төмен деп бағалағандар бар - 3,6% , орташа, толық қанағаттанбаймын дегендердің үлесі 13,4%. Яғни ол бағыт бойынша жақсарту жұмыстары өте көп. Бұл қолдаушы процесс үшін, оқу процессіндегі сала бойынша барлығына қатысты. Бұдан кейін пәндер бойынша да мысалы сессиялардың сапасы, мультимедиялық құрал-жабдықтар, емтихан сессиясының ұйымдастырылу деңгейі, сабақтарда түрлі инновациялық тәсілдердің қолданылуы сияқты мәселелер айтылуда. Бұл бойынша да респонденттердің көпшілігі оқытушыларымыздың көп бөлігінің заманауи техникалық құралдардың көмегенсіз, ескі дәстүрмен сабақтарды өткізіп жатқандықтарын көрсетеді. 2-ші бағытқа оқу корпусы мен аудиториялар жатады. Бұл жерде бірқатар бөлігіне көңілі толмайтынын көрсеткен білімгерлеріміз. Әсіресе соның ішінде оқу аудиторияларының пән бейініне сәйкес келмейтінін айтқан. Аудиториялардан көп бөлігі әр түрлі жабдықтармен қамтылмаған, техникалық құрал-жабдықтардың көбісі жұмыс істемейді деп жауап берген. 3 бағыт қызмет көрсету бойынша медбекеттердің қызметіне көңілі толмайды. 31,4%-ы, яғни әр бір үшінші білімгер медпунктің жұмысына көңілі толмайды. Бұл өте даурығатындай жағдай. Біз өткенде ішкі аудит барысында да көрдік. Типті кейбір медбекеттер жабық тұр, кейбірінде медперсонал уақытынан ерте жапқан. Әрине медперсонал түске дейін бір жерде болса, түстен кейін басқа жақта. Науқастар көмекке мұқтаж болып жатса толық қамтылмайды деген сөз. Бұдан басқа студенттердің 32,4 %-ы тазалыққа да көңілі толмайтынын айтады. Жатақханаға қатысты да 28,6 % көңілі толмайды. Не нәрсеге көңілі толмайды жабдықтауына, яғни әрине жататын орыннан басқа көптеген жабдықтар керек болады. Мысалы біз өткенде ішкі аудит кезінде де оған көзіміз жетті. Жай кір жуу, оны кептіру, кептіретін арнайы орындар, кірді жуатын жабдықтардың толық жұмыс істемеуі сияқты мәселелердің өзі жеткілікті. Үштен біріне жуығы жатақхананың заман талабына сай жабдыкталуына көңілі толмайтынын көрсетеді. Бұдан басқа жатақханалардың ішінде оқу процессіне дайындалу деңгейіде төмен. Мысалы үштен бір бөлігі компьютерлермен жабдыкталуы төмен деп айтады. Біз оны өткенде тағыда көрдік. Ескі компьютерлер тұр. Олар интернетке қосылмайды болмаса жылдамдығы төмен. Оны әрине студенттер жұмыс үшін пайдаланбайды. Сол сияқты респонденттердің 19,4 % ,яғни бестен бір бөлігі жатақхананың тазалығына да көңілі толмайды. Сонымен қатар қыстың кезінде жылумен қамтамасыз етуге де көңілі толмайтынын айтады. Сол сияқты әр түрлі қызмет түрлерін айтады. Өткенде типті ішкі аудит кезінде төсек жабдықтары қанша рет ауысады десе біреулері 2 аптада дейді, біреулері 1 аптада дейді, тағы басқалары айына бір рет шығар десе, кейбіреулері өздері үйінен алып келіп ауыстырады. Ол жерде де процесс жолға қойылмаған былайша айтқанда. Өйткені оптимизациялау кезінде адамдарды қысқартқан. Сол жердегі кастелярша екі-үш корпусқа қызмет жасайды. Яғни ол жоқ кезде студенттің мүмкіндігі болмайды. Әрине мұның барлығын түзетуге болатын жағдай, бірақ оқу орны үшін, студент үшін бұл өте қолайсыз жағдай. Бұның барлығын назарға аудару қажет. Барлық бағыт

бойынша көрсеткіштер көрсетілді. Қорыта келгенде Білім беру процесінің сапасын арттыруға 64 % толық қанағаттанамын деп көрсеткен.

Білім беру процесінің сапасын арттыру” әлеуметтік сауалнамасы көрсеткіштері

Бағалау көрсеткіштері №	Толық қанағаттанамын	Жартылай қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
1.	44,9%	38,2%	17 %	
2.	56,8%	30,8%	10,8%	1,5%
3.	68,3%	25%	5,7%	1,1%
4.	44,7%	42,2%	13%	
5.	52,1%	33,1%	14,8%	
6.	5,5%	87,2%	4,5%	2,7%
7.	83,9%		14%	
8.	77,3%	13,3%	4,8%	4,6%
9.	90,5%	5,8%	2,2%	
10.	91,9%	8,1%	2%	
11.	90,9%	3,6%	4,6%	
12.	68,5%		20,4%	8,5%
13.	61,7%	32,6%	4,6%	1,1%
14.	73,7%		17,6%	8%
15.	51%	36,6%	11,6%	
16.	63,1%		29,9%	5,1%
17.	82,2%		11,9%	5,1%
18.	65,4%	24,1%	7,3%	
19.	63,8%	25,1%	8,5%	
20.	66,4%	28,4%	4,3%	
21.	72,7%	22,4%	4,3%	
22.	53,8%	21,6%	7%	
23.	66,1%	7,5%	7%	
24.	66,1%	21,9%	4,7%	
25.	65,3%	15,3%	2,6%	
26.	66,3%	14,1	4,3	
27.	62,9%	16%	3,4	
28.	69,7%	15,6%	14,7%	
29.	60%	15,9%	6,1%	
30.	51,8%	25,5%	15,7%	7%
Жалпы	1937%	609%	279%	44%
Орташа көрсеткіш	64%	24%	9%	4%

Ендігі кезекте, білім алушының және ПОҚ-ның университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану сауалнамасы. Өткізілген мерзімі: қазан- қараша, 2024ж.

Алдымен білім алушыларға арналған сауалнамаға келсек, сауалнама жабық үлгідегі 19 сұрақтан тұрды.

Сауалнамада университеттің барлық факультеттерінің білім алушылары қамтылды. Сауалнамаға барлығы 13535-тен 3389 студент қатысты, олардың орташа пайызы факультеттер бойынша сұралғандардың 25,1% құрады, бұл әлеуметтанулық стандарттар бойынша алынған деректерді талдау үшін жеткілікті, өйткені минималды пайыз әлеуметтік сауалнама нәтижелерінің қорытындысы 15% құрайды.

Сауалнамасының нәтижесі көрсеткендей, білім алушылардың 78,01 % университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге толық қанағаттанатынын жеткізген. 10,4% жартылай қанағаттанамын деп жауап берсе, 5,6% қанағаттанбаймын деп жауап берген. Қалған 5,9% жауап беруге қиналған.

Студенттің университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану деңгейі, %

Степень удовлетворенности студентов качеством образовательных услуг и экосистемой университета Дулати, %

№	Толық қанағаттанамын/Вполне удовлетворен	Жартылай қанағаттанамын/Частично удовлетворен	Қанағаттанбаймын/Не удовлетворен	Жауап беруге қиналамын/Затрудняюсь ответить
	1	2	3	4
1.	78	11,6	3,2	7,2
3.	76	16,4	4,8	2,8
4.	85,6	2,5	6,7	5,2
5.	72	16,2	8,1	3,7
6.	87,4	8,1	3,2	1,3
7.	86,9	7,9	4,1	1,1
8.	82	9,8	6,2	2
9.	76	8,5	4	11,5
10.	67,3	14,3	5	13,4
11.	80,1	7,8	6	6,1
12.	88	2,5	6,7	2,8
13.	73	3,4	9,8	13,8
14.	72	10,4	8,5	9,1
15.	66,7	13,6	3,8	15,9
16.	79	11,3	4,8	4,9
17.	75	17,3	7,2	0,5
18.	84	10,9	2,9	2,2
19.	73,5	12,2	7,1	7,2
20.	79,8	13,1	4,1	3
	78,01	10,4	5,6	5,9

Ал, профессорлық-оқытушылық құрамға арналған сауалнама жабық типтегі 15 сұрақтан тұрды.

Сауалнамаға университеттің барлық 910 оқытушының 283-і қатысты, факультеттер бойынша сұралғандардың орташа пайызы шамамен 31,1% құрады, бұл социологиялық стандарттар бойынша алынған деректерге талдау жүргізу үшін жеткілікті, өйткені социологиялық сауалнама нәтижелерін шығару үшін ең төменгі пайыз 15% құрайды.

Профессор-оқытушылық құрамның университеттегі білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану деңгейі, %

№	Толық қанағаттанамын	Жартылай қанағаттанамын	Қанағаттанбаймын	Жауап беруге қиналамын
	1	2	3	4
1.	75,8	8,2	8,9	3,6
2.	82,3	11,5	7,9	3,8

3.	71,6	10,3	4,2	4
4.	80,7	8,9	5,6	3,5
5.	89,3	10,8	5,7	4,1
6.	78,3	7,6	7,3	3,4
7.	79,8	12,3	6,2	3,7
8.	77,5	8,7	6,5	2,5
9.	76,3	14,1	4,8	4,2
10.	76,4	10,5	5,6	3,2
11.	78,1	9,2	5,3	3,5
12.	73,8	9,8	6,2	3,1
13.	77,1	8,5	6,9	3,4
14.	75,6	11,3	8	3,1
15.	76,6	10,4	8,5	3,7
	77,9	10,1	6,5	3,5

ПОҚ-ның сауалнамасының нәтижесі көрсеткендей, профессорлық-оқытушылық құрамның 78%-ы өздерінің кәсіби қызметінің негізгі аспектілеріне қанағаттанған. Бұл білім беру жүйесі, жоғары оқу орнының даму стратегиясына, тиімділігіне сенім, басшылықпен өзара іс-қимыл және мансаптық және академиялық мүмкіндіктердің қолжетімділігін көрсетеді. Сонымен қатар, оқытушылардың 10-15% - ы ішінара қанағаттанушылықтарын білдірсе, ал 8% - ға дейін-қанағаттанбаймын деп жауап қайтарған. Бұл дегеніміз, әлі де университеттің оқу және ғылым, т.б басқа бағыттардың жұмыстарын жақсарту керектігін білдіреді.

ШЕШІМ:Әлеуметтік сауалнамада көрсетілген кемшіліктер бойынша тиісті жақсарту шаралары жүргізілсін.

3-ші мәселе бойынша Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д. сөз алды.

Құрметті комитет мүшелері, назарларыңызға 13 студенттік ұйымның ереже құжаттарын ұсынамын. Олар:

1)«10TED.DULATY» көпсалалы жастар ұйымы 2023 жылы М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті, «Жастармен жұмыс» бөлімі жанынан құрылды, белсенді студенттердің активі арқылы орындалады, ұйым белсенді студенттермен жұмыс жүргізе отырып көшбасшылық қабілеттерге бейімдейді. Ереже ұйымның қызметін реттеу негіздерін белгілейді, ұйымның негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттарын, принциптерін, мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайды, сондай-ақ ұйымның ішкі жұмыстарын ұйымдастыру мен жастарды қолдауды қамтамасыз ету әдістерін айқындайды.

.2)«Dulaty Taks» – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің студенттері арасында танымал, зияткерлік және шығармашылық бағытта жұмыс істейтін студенттік ұйым. Бұл ұйым студенттердің өзін-өзі дамытуына, ғылыми зерттеулермен айналысуына және олардың көшбасшылық қасиеттерін арттыруға мүмкіндік береді. Ұйым жастардың білім беру мен әлеуметтік саладағы бастамаларын қолдауға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

3) «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» – Қазақстанның жоғары оқу орындарында жұмыс істейтін студенттік ұйым, оның ішінде М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде филиалы бар. Бұл ұйым студенттердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту және жастардың азаматтық белсенділігін арттыру мақсатында құрылған. Ереже университет

студенттерінің жастар ұйымының қызметін реттеу негіздерін белгілейді, белсенді студенттердің қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

4) «Ассамблея жастары» жастар ұйымы Қазақстан халқы Ассамблеясының жастар арасындағы бірлік пен келісім құндылықтарын насихаттау, құқықтық мәдениетті дамыту және этносаралық қарым-қатынастарды нығайту мақсатында құрылған. Ұйым қызметі университет студенттері арасында толеранттылықты қалыптастыруға, құқықтық сауаттылықты арттыруға және этностардың мәдени ерекшеліктерін сақтауға бағытталған. Ереже ұйымның негізгі мақсаттары мен міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін және университет әкімшілігінің ұйымды қолдау мүмкіндіктерін анықтайды.

5) «BIZ BIRGEMIZ» еріктілер қозғалысы 2015 жылы «Нұр Отан» партиясы «Жас Отан» Жастар қанатының ішінен құрылып, студенттердің активі арқылы орындалады, олар профилактикалық жұмыс жүргізе отырып көптеген жастарды салауатты өмір сүруге насихаттайды. Еріктілер - халықтың әлеуметтік қорғансыз бөлігіне, гуманитарлық қолдау көрсету барысында студенттердің саяси-әлеуметтік мәдениетін және ерікті азаматтық белсенді ұстанымын қалыптастыру. Ереже университет студенттерінің волонтерлік қызметін реттеу негіздерін белгілейді, волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

6) DU Union қызметінің мақсаты азаматтық мәдениетті, білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, олардың әлеуметтік жетілуін, дербестігін, өзін-өзі ұйымдастыру мен өзін-өзі дамыту қабілетін дамытуға жәрдемдесу, білім алушылардың университетті басқаруға қатысу құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, білім алушылардың бойында бірлесіп басқару дағдылары мен біліктерін қалыптастыру, оларды қоғам өміріне белсенді қатысуға дайындау болып табылады.

7) DU Universe» көпсалалы жастар ұйымы – 2024 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінде студенттердің жан-жақты дамуына мүмкіндік беру мақсатында құрылған. Ұйым студенттерді қоғамдық, зияткерлік, шығармашылық және кәсіби тұрғыдан қолдауды көздейді.

Ұйым әртүрлі бағыттағы бастамалар арқылы жастардың көшбасшылық, шығармашылық және командалық жұмыс қабілеттерін дамытып, олардың қоғамдағы рөлін нығайтуға тырысады. «DU Universe» жастар ұйымы студенттердің идеяларын қолдай отырып, олардың қоғамға оң әсер етуін қамтамасыз етеді.

8) «Еркін ойлар алаңы» пікірсайыс ұйымы интеллектуалды пікірсайыс мәдениетін дамыту мақсатында құрылған. Ұйым студенттердің белсенділігі арқылы жүзеге асырылады, олар логикалық және сыни ойлауды дамыта отырып, пікір білдіру еркіндігін насихаттайды. Пікірсайыс қатысушылары – қоғамдық маңызды тақырыптар бойынша дебат өткізу арқылы студенттердің шешендік өнерін, талдау қабілетін және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді. Ереже университет студенттерінің пікірсайыс қызметін реттеу негіздерін белгілейді. Ол пікірсайысшылардың негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін және университет басшылығының ұйымды қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

9) «ЖАЙДАРМАН» жастар қозғалысы 2022 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, «Жастармен жұмыс» бөлімі жанынан құрылды, ұйым белсенді студенттермен жұмыс жүргізе отырып, жастарды сахна мәдениетіне және ораторлық қабілеттерге бейімдейді. Ереже ұйымның қызметін реттеу негіздерін белгілейді, ұйымның негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттарын, принциптерін, мүшелерінің құқықтарын

анықтайды, сондай-ақ ұйымның ішкі жұмыстарын ұйымдастыру мен жастарды қолдауды қамтамасыз ету әдістерін айқындайды

10) «Жастар Рухы» жастар қанаты [2008 жылы 14 мамырда Астана](#) қаласында «Jas Otan» жастар қанатының I Съезінде қоғамдық бірлестік тұлғасында құрылған, [2022 жылы 12 шілдеде](#) жастар қанатының кезектен тыс VI Съезінде «Жастар Рухы» қазіргі атауын алған, «Amanat» партиясы жанындағы құрылған М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Жастар Рухы» ЖҚ университетімізде жұмыс атқарып келеді, ұйым жастардың қоғамдық белсенділігін арттырып, олардың қоғамдық өмірдегі орнын нығайтуға бағытталған іс-шаралар мен жобаларды ұйымдастырады. Ереже университет студенттерінің әлеуметтік сала қызметін реттеу негіздерін белгілейді, әлеуметтік сала қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

11) «ЛЕП» көпсалалы жастар ұйымы – 2024 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің қабырғасында құрылған, студент қыздарға арналған ерекше ұйым. Ұйым қыздардың жеке және кәсіби әлеуетін дамытуға, олардың өзін-өзі танытуына мүмкіндік беруге және қыз-келіншектер арасында өзекті мәселелерді талқылауға бағытталған. Ереже университет студенттерінің қыздар арасындағы өзекті мәселелерді реттеу негіздерін белгілейді, волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, бағыттары мен принциптерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, университет басшылығының жастар ұйымын қолдауының мүмкін болатын түрлерін анықтайды.

12) «Ұя» жастар ұйымы 2024 жылы М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің «Жастармен жұмыс» бөлімінің жанынан құрылды. Ұйым белсенді студенттердің бастамасымен жұмыс істейді және қоғамға пайда тигізуге бағытталған еріктілік қызметті жүзеге асырады. Жастар ұйымының негізгі мақсаты – студенттердің азаматтық жауапкершілігін арттыру, әлеуметтік мәселелерді шешуге белсенді қатысу және жастар арасында еріктілік мәдениетін насихаттау. Бұл ереже университет студенттерінің волонтерлік қызметін реттеу негіздерін белгілейді. Ережеде волонтерлер қызметінің негізгі мақсаттары, міндеттері, бағыттары мен принциптері, олардың құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ университет басшылығының еріктілік қозғалысты қолдауының мүмкін түрлері анықталады.

13) «Фемида.» жастар ұйымы 2020 жылы құқықтық сауаттылықты арттыру және әділетті қоғам қалыптастыру мақсатында құрылды. Ұйым университет қабырғасында студенттердің құқықтық мәдениетін дамытуға бағытталған. Ұйымның негізгі қызметі: Құқықтық білімді насихаттау және құқықтық мәселелерді шешу дағдыларын дамыту; Студенттер арасында заңнаманы құрметтеу және құқықтық жауапкершілік принциптерін қалыптастыру; Құқық қорғау органдары мен қоғамдық ұйымдар арасындағы байланысты нығайту.

Дарибаев Ж.Е.: Құрметті комитет мүшелері, жалпы бұл ережелер бізге ақпан-наурыз айларында келіп түскен. Барлығының мазмұндары қаралып, түзетілген. Әлеуметтік мәдени сала бойынша өздерінің, осындай құжаттарды талқылайтын коллегиялық органы жоқ болғандықтан, сапа комитетіне шығарып отыр. Құжаттар қайта қайта түзетілді. Студенттер жұмыс жасау үшін бұл құжаттарды талқылап, сосын бекітіп берген дұрыс шығар.

Мамыш Д.: Әр клубта жүзге дейін студент бар. Университет студенттерінің 11,2% -ын құрайды. Өткен жылға қарағанда төрт пайызға өсті. Студенттерге клубқа кіруге ешқандай шектеу жоқ. Бірақ студенттердің қызығушылығы тез бітіп қалады. Бірақ бір ғана қызықтыратын дүниеміз бар студенттік өмірдегі саяхат пен оқуға жеңілдік. Қазіргі таңда ең үлкен мотивация ол оқуға жеңілдік. Келесі жылдан бастап 15% дейін жеңілдік беруді қарастырып отырмыз.

Төрайым: Құрметті Комитет мүшелері, осы мәселе бойынша сұрақтарыңыз, ескертулеріңіз, қосатындарыңыз, ұсыныстарыңыз бар ма?

Тасуов Б.Т.: Осы ұйымдарға қатысатын белсенді студенттерге сессия кезінде туындаған түрлі мәселелерге қолдау жоқ. Осыған орай, сессия кезінде белсенді студенттерге әлеуметтік, тәрбиелік іс-шаралардағы белсенділігі үшін балл қосуды ұсынғым келіп отыр.

Мамыш Д.: Болашақта сіз айтқан ұсыныс назарға алынатын болады.

ШЕШІМ: Ұсынылып отырған «10ted.dulaty» көпсалалы жастар ұйымының ережесі, «Dulaty talks» жастар ұйымының ережесі, «Қазақстан Студенттерінің Альянсы» жастар ұйымы ережесі, «Ассамблея жастары» жастар ұйымы ережесі, «Biz birgemiz» еріктілер қозғалысының ережесі, «DU UNION» студенттік парламент ұйымының ережесі, «DU UNIVERSE» көпсалалы жастар ұйымының ережесі, «Еркін ойлар алаңы» интеллектуалды пікірсайыс ұйымының ережесі, «Жайдарман» жастар қозғалысының ережесі, «Жастар Рухы» жастар қанаты ережесі, «Студенттік деканат» ережесі, «Леп» көпсалалы жастар ұйымының ережесі, «Ұя» жастар ұйымы ережесі, «Фемида» жастар ұйымының ережесі бекітуге ұсынылсын.

Ұйым М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Қысқаша ақпарат: DU UNI VERSEE – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің студенттік ұйымы. Бұл ұйым студенттердің шығармашылық, ғылыми және әлеуметтік бастамаларын қолдап, олардың университет өміріне белсенді қатысуына ықпал етеді. 38 ҰЙЫМДАҒЫ ЖАЛПЫ СТУДЕНТ САНЫ 12 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРЫ 6 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖЕТІСТІГІ Нурмаханова Айсара  	Ұйым М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Қысқаша ақпарат: UIYA-UYA волонтерлік ұйымы – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің белсенді студенттерінен құралған еріктілер тобы. Ұйымның атауы "Ұя" сөзімен үндесіп, жастардың бірлік, жанашырлық және жауапкершілік құндылықтарын ұстанатынын білдіреді. 43 ҰЙЫМДАҒЫ ЖАЛПЫ СТУДЕНТ САНЫ 9 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРЫ 8 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖЕТІСТІГІ Мырзаберген Аяулым  
Ұйым М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Қысқаша ақпарат: UIYA-UYA волонтерлік ұйымы – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің белсенді студенттерінен құралған еріктілер тобы. Ұйымның атауы "Ұя" сөзімен үндесіп, жастардың бірлік, жанашырлық және жауапкершілік құндылықтарын ұстанатынын білдіреді. 66 ҰЙЫМДАҒЫ ЖАЛПЫ СТУДЕНТ САНЫ 14 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРЫ 11 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖЕТІСТІГІ Абдуллаев Нурсанд  	Ұйым М.Х.Дулати атындағы Тараз университеті Қысқаша ақпарат: LEP – көпсалалы қыздар ұйымы қыздардың жан-жақты дамуына бағытталған ұйым. Бұл ұйым көпсалалы қызмет атқарады, яғни өртүрлі спорттық, мәдени, ғылыми салалардағы іс-шараларды өткізеді. 30 ҰЙЫМДАҒЫ ЖАЛПЫ СТУДЕНТ САНЫ 6 2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАЛАРЫ 4 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ЖЕТІСТІГІ Аяулым  

4-ші мәселе бойынша Әлеуметтік жұмыс басқармасының басшысы А.Ұлтанбаевтың орнына Жастармен жұмыс бөлімінің басшысы Мамыш Д сөз алды.:

Құрметті Комитет мүшелері, бұл жерде 7 құжат бар. 3 жылдан 5 жыл аралығында жасалған. Ережелердің көпшілігі қолданыс таппай, біртіндеп процестер тоқтаған. Бұл жерде де әлеуметтік басқарма (ҚЕ/ПД 4.1-5-2020 Сыбайластық жемқорлыққа қарсы білім берудің парасаттылық мектебі туралы ережесі, ҚЕ 4-5-9-2021 «Саналы ұрпақ» студенттік клубының ережесі, 2 баспа, ҚЕ 4-5-3-2021«Достық» студенттік жастар ассамблеясының ережесі, ҚЕ 4-5-5-2021«Достық» студенттік жастар ассамблеясының ережесі, 2 баспа, ҚЕ

4-5-5-2021 «Мәңгілік ел мұрасы» әдеби жастар клубының ережесі, 2 баспа, ҚЕ 4-5-11-2021 «Жалын» еріктілер қозғалысы туралы ереже, 1 баспа, Е/ПСП 4-10.06-2022 Кураторлар кеңесінің ережесі, Е/ПД 4-10.10-2022 «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ережесі). Әлеуметтік жұмыс басқармасы осы құжаттарды қолданыстан шығаруға ұсыныс берген. Пікірлеріңізді айтыңыздар, қарсы болмасаңыздар талдап, тиісті құжаттарды қолданыстан шығарайық.

Жойылатын құжаттар тізімі

- ҚЕ/ПД 4.1-5-2020 Сыбайластық жемқорлыққа қарсы білім берудің парасаттылық мектебі туралы ережесі
- ҚЕ 4-5-9-2021 «Саналы ұрпақ» студенттік клубының ережесі, 2 баспа
- ҚЕ 4-5-3-2021 «Достық» студенттік жастар ассамблеясының ережесі, 2 баспа
- ҚЕ 4-5-5-2021 «Мәңгілік ел мұрасы» әдеби жастар клубының ережесі, 2 баспа
- ҚЕ 4-5-11-2021 «Жалын» еріктілер қозғалысы туралы ереже, 1 баспа
- Е/ПСП 4-10.06-2022 Кураторлар кеңесінің ережесі
- Е/ПД 4-10.10-2022 «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ережесі

Төрайым: Кураторлар кеңесі туралы ережені қалдыру керек деп ойлаймын. Университетіміз үшін кураторлардың жұмысы маңызды болып табылады.

Исабекова Г.Б: толықтай Төрайыммен келісемін. Қазіргі таңда факультетте кураторлардың жұмысы баяулап қалды. Біз ол мәселеге жеткілікті түрде көңіл бөліп отырған жоқпыз. Болашақта кураторлардың жұмысын жандандыруымыз керек.

Төрайым: Неге студенттік ұйымдар туралы құжаттарды және Кураторлар кеңесінің ережесі, Е/ПД 4-10.10-2022 «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ережесін қолданыстан шығаруға ұсынып жатырсыздар?

Мамыш Д.: Кураторлар кеңесінің ережесі, Е/ПД 4-10.10-2022 «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ережесіне келетін болсақ, осы ережелер аясында кураторлар жұмысы тоқтап қалған. Егер жандандырам дейтін ерікті кураторлар болса қарсы емеспіз.


ШЕШІМ: 1) Әлеуметтік басқарманың жоюға берген 5 құжатын (ҚЕ/ПД 4.1-5-2020 Сыбайластық жемқорлыққа қарсы білім берудің парасаттылық мектебі туралы ережесі, ҚЕ 4-5-9-2021 «Саналы ұрпақ» студенттік клубының ережесі, 2 баспа, ҚЕ 4-5-3-2021 «Достық» студенттік жастар ассамблеясының ережесі, ҚЕ 4-5-5-2021 «Достық» студенттік жастар ассамблеясының ережесі, 2 баспа, ҚЕ 4-5-5-2021 «Мәңгілік ел мұрасы» әдеби жастар клубының ережесі, 2 баспа, ҚЕ 4-5-11-2021 «Жалын» еріктілер қозғалысы туралы ереже, 1 баспа,) ішкі нормативті құжаттар реестрінен шығарылсын. 2) ҚЕ 4-10.06-2022 Кураторлар кеңесінің ережесі, Е/ПД 4-10.10-2022 «Айдың үздік кураторы» конкурсы туралы ережесі қайтадан актуализация жасалсын. Жауапты Ұлтанбаев А. Мерзімі 2025 ж. қыркүйек айы.

Төрайым



Ш.Есимова

Хатшы



Ж.Маткурбанова